



## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

2024 жылдың 05 тамызы

№ 370

Қарағанды қаласы

город Караганда

### Инклюзивті тәжірибелі ресурстық орталықтар туралы

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.03.2023 ж. №249 қаулысы) «Жалпы білім беретін ұйымдардың базасында инклюзивті практикаларды дамыту және тәжірибе алмасу ресурстық орталықтарын құру» индикаторын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Инклюзивті білім беруді дамытудың қалалық, аудандық Ресурстық орталықтары болып келесі мектептер тағайындалсын:

1) Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№25 жалпы білім беретін мектебі» КММ;

2) Шахтинск қаласы білім бөлімінің «№3 жалпы білім беретін мектебі» КММ;

3) Теміртау қаласы білім бөлімінің «№10 жалпы білім беретін мектебі» КММ;

4) Балқаш қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ;

5) Осакаров ауданы білім бөлімінің «№3 жалпы білім беретін мектебі» КММ;

6) Шет ауданы білім бөлімінің «Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі» КММ.

2. Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы облыстық әдістемелік кеңесте облыстық Ресурстық орталықтардың ережесін, қалалық, аудандық инклюзивті білім беруді дамыту орталықтарының ережесін бекітсін;

3. Қарағанды облысының білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы қалалық және аудандық ресурстық орталықтардың қызметін үйлестіруді, желілік іс-қимылды, консультация беруді және әдістемелік қолдауды қамтамасыз етсін;

004816

4. Қалалық, аудандық ресурстық орталықтар өз кезегінде педагогтерді, білім беру ұйымдарын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарын консультациялық және әдістемелік сүйемелдеуді (семинарлар, мастер-кластар және т. б.) қамтамасыз етсін;

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім басқармасы басшысының орынбасары Б.Н. Адекеноваға жүктелсін.

**Қарағанды облысы  
білім басқармасының  
басшысы**



**Г. Жунусова**

1. Құрылымдық бөлімдердің құрамына кіретін қызметкерлердің тізімін  
2. Осы құрылымның құрамына кіретін қызметкерлердің тізімін  
3. Осы құрылымның құрамына кіретін қызметкерлердің тізімін



Құрылымның құрамына кіретін қызметкерлердің тізімін

Келісілді:  
Адекенова Б.Н. *Б.Н. Адекенова*  
Нұрсұлтан Г.Е. *Г.Е. Нұрсұлтан*  
Наханов Д. К. *Д.К. Наханов*  
Абдикерова Б.Х. *Б.Х. Абдикерова*

Орынд. Абишева Г.З. *Г.З. Абишева*